

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

ырылдады, итше таласты деген салыстырулар арқылы дүние суретін дәл сол қалпында көзге елестетеді. Қазақ халқы өз тұрмысында ит жүгіртіп, құс салған саятшылықта, мал қайырған тұрмыс-тіршілігінде «ит мінезін, сырын» жете білгендіктен де, оның ұжымдық санасында және тілдік құрылымында ит семасының коннотациялық мәні терең. Ит семасының мәнін ашатын бейнелі сөздер, тілдік бірліктер қазақ тілінің сөздік қорынан қомақты орын алған. Сондықтан да лексикографиялық дереккөздер: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Фразеологиялық сөздік, Мақал-мәтелдер жинағы, Синонимдер сөздігі ит туралы негізгі мәліметтермен қатар, қосымша коннотациялық мазмұндағы ақпаратты мол қамтыған: иттің негізгі денотаттық мағынасы – «қасқыр тұқымдас, сүт қоректі үй хайуаны болса», ауыспалы мағынасы – оңбаған, жауыз немесе жасы кіші бала-шағаға, қатар құрбыға өзімініп айтатын сөз. Сонымен қатар, қазақша жыл қайырудың он бірінші жылы – ит жылы.

Қорыта келгенде, тілді мәдени-ұлттық аяда қарастыру барысында адам мінезін сипаттау үшін бейнелі құралдар (теңеу) ұтымды пайдаланылады. Ұлттық менталитет пен рухани мәдениет осы тілдік бірліктердің бейнелі, көркем мазмұны арқылы айрықша көрінеді. Теңеу – әлемді қабылдаудың бір тәсілі, яғни таным процесі – салыстыру және теңеу процесі арқылы жүзеге асады. Теңеулер – троп түрі, стильдік тәсіл ғана емес, айрықша ұлттық сипат иеленген экспрессивті сөздің ішкі мазмұны да болып табылады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. – Алматы: Арыс, 2005. – 512 б.
2. Раева А. Зоофразеологизмдердің мотивациялық негізіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер (қазақ және түрік тілдері бойынша). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4, 2021. 34-44 б.
3. Jonathan Crowther. Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English. – Fifth edition. – Oxford: Oxford University Press, 1999. – 1430 pp.

ӘОЖ 8745

### «БАУЫР» СӨЗІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Жолдыбай Алтай

zholdybai.a.04@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,  
«6В02305-Қазақ филологиясы» тобының 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Тіл мен адамзат өзара байланысқа түсіп, ажырамастай бір бөлшекке айналды. Тілдегі кейбір элементтер адам ағзаларының атауларымен аталып, кеңінен қолданысқа енді. Атап айтқанда бауыр, жүрек, бүйрек, көз тағы сол сияқты адам ағзаларының тілімізде мақал-мәтелдерде, сөз тіркестерінде, ән, өлеңдерде кездесуі сирек құбылыс емес. Бұл сөздердің мағына дарыту сипаты мен мағына беру ерекшелігі әр түрлі. Халық арасында қолданыс аясы кең, қазақ халқының танымдық мәдениетінде биік орын алатын, мағынасы мардымдыларының бірі бауыр сөзіне тоқталсақ.

«Бауыр» тар мағынасында адам денесінде қорғаныш қызметін атқаратын, қанның тұрақтылығын сақтайтын ағза, ал, кең ауқымда ағза, қаны бір қандас, өлең-жыр, мақал-мәтел, түрлі фразеологиялық тіркес құрайтын сөз т.б. Қазақ тілінде бауыр сөзі едәуір кең қолданысқа ие. 2011 жылы шыққан «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бауыр сөзіне 14 түрлі анықтама, 100 астам сөз бен сөз тіркесі берілген. Күнделікті тұрмыста ағайын-туыс, көрші-қолаңды көргенде «Бауырың бүтін бе?» деп амандық-саулық сұрасамыз, не болмаса «**Аяқ-қолын бауырына алыпты**» (Әйел адамның аман-сау босануы) «*Бауырын жазды*»

(Еркіндік алды) деген сынды сөз тіркестерін қолданамыз. Тіптен бірге туған аға-іні, әпке-сіңілінді, жақын тартқан адамымызды **«бауырым»** деп атаймыз. Қазақ халқы туғанын текке бауыр деп атамаған. «Бауыр» сөзінің мәнісін тереңнен ұғынып, сөз орамдарында жұмсай білген. Медицина ғылымында да донорлық ағза керек болған жағдайда тек туғанының бауыры сәйкес келіп, тез қалпына келеді делінген.

Тілімізде **«тас бауыр», «жат бауыр», «бауыры қатты», «бауыры құтсыз», «бауыры суық қара жер»** сияқты қатыгез, қатал, адамға жылылығы жоқ, мейірімсіз адамдарды сипаттайтын сөз тіркестері бар. Түркі халықтарында «bavırsız, bağırsız» деген сөздер бар. Бұл сөздер **«kötü niyetli zalım, merhametsiz»** [2; 48] яғни, «қатыгез, зұлым, рақымсыз» деген мағынаны білдіреді. Қаза тіліндегі **«бауырсыз»** сөзі де түркі тілдеріндегідей мағына береді. Сондай-ақ осы сөздердің антонимдік нұсқасы да тілімізде бар. Мысалы: **«бауыр басты», «бауырға алды», «бауыры балқыды», «бауыры бітті» «бауыры еліжіреді», «бауырына қысты», «ет бауыры»** т.б. *Ғалым Амантай Шәріп бауыр сөзінің қазақ тіліндегі мағынасына байланысты мынадай тұжырым жасайды: «Тывалар (тувалықтар) қатты аяушылық танытуды «баары ажыр» («бауыры ашу») дейді. Қазақ тілінде «бауырдың» орнын парсыдан енген «жан» басқандықтан, аталмыш тіркес «жаны ашу» боп өзгеріп кеткен. Пайымдап көргенде, бұл жердегі «бауыр» мен «жан» сөздері «жасырын түрде» синонимдер болып шығады. Сондай-ақ, тывалардың «баары каткыже каттырар» («смеяться до высыхания печени») дегенін қазақшаға «ішек-сілесі қатқанша күлу» немесе «іші кепкенше (өлгенше) күлу» деп аударамыз. Бұл арада «іш» пен «бауыр» ұғымдарының аралас-құраластығы аңғарылады; мысалы: іші-бауыры елжіреу (мейірімі түсу), іші-бауырына кіру (жағыну), іші өртену (сырқаттану, қиналу), іші күйеу (қызғану), қайғысы ішіне түсіп кету (қатты күйзелу), т.с.с. Осыған ұқсас, тывалар жас нәрестенің ызбайлана жылағанын «баарын кадыр ыглаар» («плакать так, что печень высохнет») деп айтады. Біздің «жылағаннан ішегі үзіліп кетпесін» дейтініміз – сол сәт. Ал қазақтың «тас бауырлық» дегені тыва ағайындарда көп айырмасыз - «таш баарлыг» («қатыгездік») күйінде кездеседі» [3]. Демек, бауыр сөзінің қолданыс аясы тек қазақ тілінде емес түркі тілдерінде де қарқынды түрде қолданылады десек артық емес. Тілдің дамып, сөздердің лексикалық сипатының өзгеріске ұшырауы заңды құбылыс. Сөздің өмір сүрген кезеңінде бір мағынаға ие болып, келесі бір кезеңде сөздік қордан мүлде жойылып немесе мағынасының өзгеруі тілде жиі кездеседі. Оның себебі, тілдегі сол сөздің орнын басатын кірме сөздердің енуі, сол тілге екінші бір тілдің басқыншылық жасап ығыстыруы деп атай аламыз.*

Бауыр сөзіне қатысты қазақ тілінде **қарғыс сөздер** де кездеседі. Қарғыс сөздерге байланысты Ш.Ибраевтың «Қазақтың ғұрыптық фольклоры еңбегінде «Табиғаттан тысқары күштердің көмегімен адамдарға, малға түрлі заттар мен құбылыстарға сөздің магиялық қызметі арқылы теріс ықпалын тигізетін ғұрыптық жанрды бірі – қарғыс» [6] деген анықтама берілген. Қарғыс айту есесін жіберген, адамға өштігі бар, ыза-кектен туады. «Бауыр» сөзімен байланысты ел аузында **«Бауырыңмен жер сызғыр», «Бауырың езілсін», «Бауырың тілінсін», «Бауырыңа құрт түссін», «Қазаны бауырына төгілгір»** сынды қарғыстар кездеседі. Қарғыстың да бауырға байланысты айтылуы тектен-тек емес. Бауыр адамның ең жанды ағзасы, адам бойында қос емес жалқы болғандықтан да **«Баламды алсаң да бауырымды алма», «Бала табылар, бауыр табылмас»** деп ет жақынын бауырға теңеген. Бауыр сөзінің туыстық қатынасқа байланысты: «бірге туған бауыр», «қу бауыр», «құдандалы бауыр», «таптас бауыр», «тете бауыр» т.б атаулары бар. Болат Бопайұлының «Қазақтың алғыстары мен қарғыстары» атты зерттеу еңбегінде «бауыр» сөзі қатысқан мынадай қарғыстар бар:

1. Апекең арсыз болсын,  
Ағаң жарсыз болсын.  
Бауырың әлсіз болсын.
2. Бауырың жауға бармасын,  
Барса жаудан қайтпасын.
3. Бауырың екі жерден тесілсін,

Қол-аяғың төрт жерден кесілсін [5;108].

Қарғыс сөздердің тілімізде орын алуын ғалым «Қазақ қарғыстары мамұн жағынан сан алуан, формасы жағынан күрделі болып келеді. Түрі жағынан да өмірдегі барлық қимылдарды түгелдей қамтып, жамандық атаулының бәріне қарата айтыла береді» [5;15] дейді. Зерттеуге назар аударсақ, қарғыс сөздердің де тілімізде атқаратын рөлі, өзіндік сипаты бар екендігін аңғарамыз. Қазақ тілінде қарғыс тек теріс сипат қана алып қоймай, бәле-жаланың алдын алады, бетін қайтарады деп болжам жасаған.

Туыстық атауларды берумен қатар бауыр сөзі қазақтың ұлттық тағамы «бауырсақ» сөзінде кездеседі. *Этнолог Серік Ергали бауырсақ сөзін былайша сипаттайды: «Бұл тағам әлі толық зерттелген емес. Оның атауы «бауыр+сақ» сөздерінің бірігуінен құралған, әр халықтардағы атауы да осыдан алыс емес. Бүгінде қазақ тілінде уақыттың белгілі бір бөлігін «шақ» сөзімен береді: өткен шақ, осы шақ, бола+шақ, балалық шақ. Бұған осы сөзді түбір ететін ежелгі түркілік «шаға/шақа» сөзін алыңыз, бұл «бала» дегенді білдіреді де, бүгінгі қазақ қос сөзбен «бала-шаға» дейді. Сонымен «бауырсақ» сөзіндегі «шақ» сөзі әлдебір перзент ұғымын беріп тұр. Бұнда мәселе – ежелгі ата-бабамыздың әр күнді болмаса айдың белгілі бір бөлігін «шақ», яғни Көктің баласы деген бейнелі ұғыммен беретін аса ежелгі танымға апарып тірейтінінде. Дастарқанға бауырсақты шашу арқылы әр күннің, тәуліктің жақсылық пен мошшылыққа толы болуын тілеуде, нәрселік аффирмация ретінде меңзеуінде жатса керек. Бірнеше шашылған бауырсақ күн-бала ретінде бір біріне бауыр дегенге амалсыз итермелейді. Бірнеше кішкентай жақсылықтарды бауырластыру арқылы ұлы жақсылыққа кенелеміз деген сенім жатыр. Осыдан келіп ежелгі көшпелі тайпалардың атауы да «САҚ», «ГҮН/күн» аталуы тегін емес» [4]. Демек, бауыр деген сөздің өзі ұйысу, бірігу деген мағынаны береді деуге болады. Медициналық тұрғыдан қарағанда бауыр қанның бір жерге ұйысуынан пайда болады. Ұлттық тағам бауырсақтың дайындалуына байланысты:*

1. **Ақ бауырсақ** – ең жоғары сапалы ақ ұннан май құйып илеп, қойдың құйрық майына қуыратын бауырсақ. Ақ бауырсақты ертеректе көбіне арнаулы, сыйлы қонақтарға, дәрежелі адамдарға арнап пісірген.

2. **Ашыған бауырсақ** – арнайы ашытқы, жұмыртқа қосып иленген қамырдан пісірілген бауырсақ. Ашыған бақырсақты жұмсақ басып, үлкендеу кесіп, майда жүздіріп қуырады.

3. **Бармақ бакырсақ** – төрт-бес сантиметр шамасында ұзынша және бір жағына қарай бүгіс етіп пісірілген бауырсақ.

4. **Бұрама бауырсақ** – қамырды жұмырлай илеп, біріктіріп, бұра қуырылған дәстүрлі бауырсақ. Бұрама бауырсақтың сыртынан бал жағып, құмшекер сеуіп, жүзім, алма салған табақтармен қатар қояды.

5. **Жалпақ бауырсақ** – ұзынша етіп жайылып, екі-үш сантиметр көлемде жалпақ кесіліп қуырылған бауырсақ. Жалпақ бауырсақ асығыс кезде, жол сапарына қуырылады.

6. **Түш бауырсақ** – ұнға сүт, май, қант, жұмыртқа қосып илеп, ұсақ кесіп қуырған бауырсақ. Қуырып болған соң түш бауырсақтың ішіне сары май жаққан қалыпқа салып, бал құйып, көкнәр сеуіп, мейіз салып қатырады.

7. **Ши бауырсақ** – сүтке, сорпаға жұмыртқа қосып, иленген қамырды ашытпай жіңішке етіп, ұсақ кесіп, майға жүдіріп пісірген бауырсақ тағы басқа түрлері бар [1; 141].

Бауырсақ тек қазақ халқына ғана емес түбі бір түркі жұртына ортақ тағам. *Бауырсақ алтай тілінде боорсок, башқұрт тіліне бауырһак, қалмақ тілінде боорцг, моңғол тілінде боорцог, ноғай тілінде бавырсақ, сібір татарларының тілінде пауырсақ, тәжік тілінде бугурсоқ, орзуқ, тува тілінде боорзак деп аталады.*

Халқымызда бауырмен қатысты «**құйрық-бауыр асату**» салты да бар. Дана халқымыз оның мәнін «*Құйрық-бауыр жеуде екі жақ бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар деген нанымды ырым жатыр. Қазақ ырымында құдалық бекіспей тұрып, әсте «құйрық-бауыр» жемейді. Құдалық бекіп құйрық-бауыр жескен соң екі жақта әсте айнымайды*» [4] деп түсіндіреді.

Қорыта айтқанда, бауыр сөзінің тілімізде қолданылу аясын актив қабатқа жатқызуға болады. Бауыр сөзі жұмсалу орнына қарай түрлі реңкке еніп, әрқилы мағына тудырады.

Мәдениет тұрғысынан алғанда бауыр сөзі қазақ менталитетін жоғары санатта танытып, айқындайды. Халқымыздың ауызбіршілігі мен ұлттық санасының салиқалылығын әспеттеп, рухани мәдениетміздің көрінісін қамтиды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сүйерқұлова Б, Жанұзақ Т, Жұбаева О. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық». 3-том: Б – Б, - Алматы : Тіл білімі институты, 2011. Б. 141-145.
2. Оба Е. «Қазақ тілінің тарихи түркі тілдері тұрғысынан сөздік қоры» : түсіндірме сөздігі; Алматы: Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - 2021. Б. 48-52.
3. Амантай Ш. «Бауыр» ұғымының мифологиялық, этнолингвистикалық және әлеуметтік сипаттары» Адырна торабы, - 2017.
4. Ерғали С. «Бауырсақ» сөзі нені білдіреді?» мақала. Қазақпойнт торабы.-2021.
5. Бопайұлы Б. «Қазақтың алғыстары мен қарғыстары» монография - Алматы: Бастау, 2003. Б. 15-108.
6. Ибраев Ш. «Қазақтың ғұрыптық фольклоры» - Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021.

ӘОЖ 8745

## ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

**Кәрім Тоғжан**

[togzhankarim3@gmail.com](mailto:togzhankarim3@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,  
«БВ02305-Қазақ филологиясы» тобының 3-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық, техногендік және саяси сипаттағы жылдам өзгерістерге, ғаламның дамуына байланысты әрбір ұлттың өзіне тән мәдени және тарихи бастауларында, «этностық таным процесі» аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оны білмей, зерттемей тұрып, жасампаз ел құру, болашақты ойлау мүмкін емес. Халқымыздың қаншалықты шығармашылыққа, өнерге, еңбекке жақындығын тұрмысындағы әр заттарынан, ән-күй жырларынан, шебер жасалынған тарихи бұйымдарынан-ақ аңғарамыз. Дәл қазіргі кезде қоғамның тұтас рухани дамуының табысты болуы, жетістікке қол жеткізуі тікелей мәдениетке негізделеді. Мәдени мұрамыздың эстетикалық және шығармашылық бағытта дамып, өркендеуіне әсер етуші өнерлеріміздің бірі – сәндік зергерлік өнер.

Зергерлік өнердің ұлттық мәдениетімізде тарихи орны ерекше болумен қатар, бір жағынан халқымыздың материалдық мәдениетінің дәрежесін көрсетсе, екінші жағынан-рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын білдіреді. Қазақ халқындағы зергерлік бұйымдарының бастау кезін алғашқы тайпалық бірлестіктер дәуірлерінен іздеген жөн. Неолит немесе мыс (б.д.д 3- 2 мың жылдықтар), қола (б.з.б 2 ші мың жылдық - VIII ғғ) замандары мен алғашқы темір кезеңіне (б.д.д VII-IV) байланысты қазбалардан шеберлердің зергерлік өнермен айналысқанын айғақтайтын жекелеген заттар мен бұйымдардың фрагменттері табылған. Сондай-ақ Беғазы Дәндібай, Отырар төбе, Маңғыстау, Бесшатыр, Шілікті және басқа да обалар мен қорғандарды қазу барысында табылған зергерлік бұйымдары қазақ халқында бұл өнердің ертеден-ақ қанат жайып, өркендегенін дәлелдейді. Бұл адамның өмір сүрген кезінен бері қарай 2000 жыл өтті деп есептеген күннің өзінде зергерлік өнердің қандай деңгейде дамығанын айқын аңғаруға болады. [4;33]

Қазақ тіл білімінде зергерлік өнер саласының лексикасы бойынша «бірақ» дейтін тұстар да аз емес. Зергерлік өнер лексикасына жататын сөздердің барлығын тек әшекей аттары деп тануымыз дұрыс емес. Мәселен, А.Шамшатованың “топтар”, Қ.Айтанинның “лексикалық